

ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙДАҒЫ БАЙЛАНЫСТЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ**Рахымбеков А.Ж.**, ф-м.ғ.к., доцент, **Мукатаев Б.К., Шоранов М.А.,****Қабдулда Е.Қ., Токишева Д.**, студенттер*І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған қаласы*

E-mail:rahim_tal@mail.ru

Бұл мақалада авторлар, төтенше жағдайлардың (ТЖ) зардабын жоюдағы құтқарушылардың негізгі міндеттерін, зардап шегушілерді жедел іздеуді және оларға дер кезінде көмек көрсетуді анықтауға тырысқан. ТЖ іздеу, құтқару жұмыстарын сәтті өткізудің ең маңызды элементі басқару - ұйымдастыру, үйлестіру, жетекшілік ету мен өткізу бойынша іс-шаралардың жиынтығы болып табылады.

Тірек сөздер: мониторингі, төтенше жағдай, хабар, басқару, радиохабар, техногенді

В данной статье авторы попытались определить основные задачи спасателей в ликвидации последствий чрезвычайных ситуаций (ЧС), оперативный поиск пострадавших и оказание им своевременной помощи. Важнейшим элементом успешного проведения поисково - спасательных работ в ЧС является совокупность мероприятий по управлению - организации, координации, руководству и проведению.

Ключевые слова: мониторинг, чрезвычайная ситуация, сообщение, управление, радиовещание, техногенное

In this article, the authors tried to identify the main tasks of rescuers in the elimination of the consequences of emergency situations (emergencies), prompt search for victims and providing them with timely assistance. The most important element of successful search and rescue operations in an emergency is a set of management measures - organization, coordination, management and conduct.

Keywords: monitoring, emergency, communication, management, radio broadcasting, technogenic

Төтенше жағдай (ТЖ) зардабын жоюда құтқарушылардың негізгі міндеті – зардап шегушілерді жедел іздеу және оларға дер кезінде көмек көрсету. ТЖ іздеу құтқару жұмыстарын (ІҚЖ) сәтті өткізудің ең маңызды элементі басқару – ІҚЖ ұйымдастыру, үйлестіру, жетекшілік ету мен өткізу бойынша іс-шаралардың жиынтығы болып табылады [1].

ІҚЖ басқарудың басты мақсаты – барынша қысқа уақытта, минималды шығынмен және залалмен, ІҚЖ толық жиынтығын жедел жүргізу бойынша күштер мен құралдардың тиімді қызметіне жағдай жасау. ІҚЖ басқарудың негізгі міндеттері:

- ақпарат жинап, оны талдау және өңдеу, нақты жағдайға баға беру, шешім қабылдау, жұмыстарды жоспарлау;
- жағдайдың үздіксіз мониторингі, болжамдарды өңдеу және нұсқаларын дамыту;
- шынайы жағдайды бағалау, жұмыс жоспарының көлемін, сипатын өзгерісін анықтау;
- ТЖ факторының қауіптілік деңгейлерін, қауіпті аймақтар шекарасын анықтау;
- күштер мен құралдарды есептеу;
- міндет қою және оны орындаушыларға жеткізу;
- барлық ІҚЖ қатысушыларының арасындағы үйлесімділік пен әрекеттестікті қамтамасыз ету;
- жұмыстың нәтижесін талдау, түзетулер енгізу, тапсырманың орындалуын бақылау

ІҚЖ басқару жүйесінің жоғарғы буыны ҚР ТЖМ дағдарыс орталығы болып табылады. ІҚЖ басқару жүйесінің ТЖ кезінде тиімді іс – қимыл жасауы үшін арнай басқару пункттері құрылады, олар байланыс құралдарымен жабдықталған және техникамен және көлікпен қамтамасыз етілген. Олар тұрақты және жылжымалы да бола алады [2].

ІҚЖ – ға қатысатын барлық күштер мен құралдарда басқаруды, олардың әрекеттестігін ұйымдастыруды, қауіпсіз жағдайды қамтамасыз етуді ІҚЖ басшысы жүзеге асырады. ІҚЖ басшылығының негізгі қағидаты жеке дара басшылық ұстанымы болып табылады. Бұл жұмысқа қатысушылардың барлығы басшыға бағынатындығын және қабылданатын шешімдердің мүлтіксіз орындалатындығын білдіреді. Қойылған міндеттерді жедел шешу мақсатында қызметте кезекшіліктердің келесі түрлері ұйымдастырылады:

- тұрақты, тәулік бойы;
- іздеу – құтқару жұмыстарын жүргізу мерзімі;
- ТЖ болуы ықтимал кезеңде;
- жоғарыдағы басшылықтың бұйрығы бойынша;

Кезекшіліктің түрін ІҚЖ басшысы нақты жағдайға байланысты белгілейді сонымен бірге кезек ету графигін де бекітеді. Кезекшілердің негізгі міндеті ақпарат алу, оларды мекемелерге тапсыру, қызметкерлерге хабарлау, жедел іздестіру – құтқару жұмыстарын өткізуге және дайындыққа қатысу.

Құтқарушылар мен қызметкерлерді хабарландыру радио және телефон байланыстары арқылы, шақыру құрылғылары және шабармандар жіберу арқылы жүргізіледі.

Байланыс – бұл нақты ұйым мен іздестіру – құтқару және авариялық-қалпына келтіру жұмыстарын жедел өткізудің маңызды элементі. Байланыстың ең негізгі бір түрі радиобайланыс болып табылады. ТЖ аймағына жылжу кезінде ол КВ және УКВ радиостанциясы командалық – штабтық машинасымен немесе басқа көлік құралдарымен жөнделеді [3].

Радиохабарды өткізу тәртібі алдын ала белгіленіп, экипаж, станция, байланыс операторлары мен басқа да тартылған мамандарға жеткізіледі. ІҚЖ өткізу кезінде тораптар мен байланыс станциялары, ереже бойынша, бір дегеннен, сонымен қоса барлық элементтер бір уақытта құрастырылады. Тораптар мен байланыс станцияларының орналасуы мен инженерлік жабдықталуы:

- байланыс құралдары мен жеке құрамды ТЖ – ның зақымдаушы әсерінен қорғауды;
- талап етілген байланысты уақытында орнатуды және басқару пунктінің лауазымды тұлғаларына жеткізуді;
- байланыс құралдарының пайдалануға қолайлы болуын;
- ТЖ зақым келтіру факторларының қауіпі төнген кезде жылдам көшіру мүмкіндігін;
- байланысты жедел басқару мүмкіндігін қамтамасыз ету керек.

ТЖ аймағында тораптар мен байланыс станцияларының жылдам әрі ширақ орналасуын қамтамасыз ету үшін, бұйрық жеке құрамға аймаққа көшер алдында беріледі, олар келгенде болған жағдайға сәйкес анықтай алады. Байланыс тораптары мен олардың элементтерін орналастыратын орынды тандау кезінде ұйымдар мен радио – радиожелілік және сым байланыстарының шарттарын, байланыс құралдарын орналастыру мен оларды күзету мүмкіндіктерін ескеру керек [4].

Радиобайланыс радиобағыт және радиожелісі арқылы тәулік бойы немесе сеанс бойынша жүзеге асырылады. Пайдаланылатын қысқа толқынды радио байланыстың негізгі түрі – бір полюсті модуляция тәртібіндегі телефон (БПМТ). Ультрақысқа толқынды радио байланыстың негізгі түрі – модуляциялық жиілік тәртібіндегі телефон.(ЖМТ) [5].

Сым құралдарымен байланыс бағыт бойынша және ось бойынша өрістеп отырады. Алғашқы ұйымдастыру, ереже бойынша, бөліктерді, жеке бөлімшелерді қосу және далалық кабель желілерін жүргізуді басқару пункттері арасында болады. Екіншісі – бірнеше басқару пункттері арасында бір кабелді желілер бойынша ұйымдастырылады. Негізінен сымдық

телефон байланысы қолданылады. ІҚЖ кезінде құтқарушылар мен басшылар арасындағы байланыстардың үзілмеуі үшін мобильді және тасымалданушы радиостанциялар қолданылады.

Ауруханалармен және басқа ұйымдармен, сонымен қатар, едәуір қашықтықта орналасқан күштермен байланыс үшін, ұялы телефон байланысы, сондай – ақ СВ және УКВ диапазонды радиостанциялар пайдаланылады. Жұмыс түрлерінің көптігі, олардың орындалу шарттары, ТЖ – ның әртүрлі қысылтаяң – ерекше факторларының әсері, уақыт тапшылығы құтқарушылардың жабдықталуына, соның ішінде ІҚЖ жүргізу кезінде қолданатын қорғану құралдарына, құрал – саймандарға, көлік құралдарына жоғары талап қояды [6].

ӘДЕБИЕТТЕР:

Кітаптар:

1. Белов С.В., Тіршілік қауіпсіздігі ғылым ретінде // "Тіршілік қауіпсіздігі", 2003, № 2., 11-18 беттер.
2. Власова Л.М. Өмір қауіпсіздігі. Қауіпсіздік проблемаларының заманауи кешені. М., Ғылым, 2004.
3. Білім беру процесінің мазмұны мен ұйымдастырылуын қалыптастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар./ Под ред. Т. В. Расташанской. Томск: 2009, 116 б.
4. Останко Л. П., Ресей білімін модернизациялау жағдайында өмір сүруді оқытудың өзекті мәселелері және әскери-патриоттық тәрбиені оңтайландыру, 2009.
5. Линченко С.Н., Грушко Н. В., Горина И. И., Білім беру реформаларын жүзеге асыру аясында өмір қауіпсіздігін оқытудың заманауи мәселелері // Іргелі зерттеулер. – 2007. – № 9. – Б.106-108.
6. Приходько А. Н., Денсаулық педагогикасы – педагогикалық ғылым мен практиканың жаңа деңгейі, 2009.

Интернет көздері:

1. URL:<https://www.fundamental-research.ru/article/viewed>